

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 қантардағы № 3 қаулысы

### Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 11 қантардағы  
№ 3 қаулысымен  
мақұлданған

Жоба

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі

Тараптардың үкіметтері арасындағы қатынастардың кеңейіп жатқанын, үкіметаралық диалог және көптеген салалардағы байланыстар едәуір жиі және қарқынды болып жатқанын, ал Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарына екіжақты сапарларды жүзеге асыру шеңберінде ұшулар саны өсіп жатқанын мойындай отырып;

2010 жылғы 12 қарашада Вашингтонда қол қойылған және 2011 жылғы 12 мамырда күшіне енген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының

Үкіметі арасындағы Ауғанстан Ислам Республикасының қауіпсіздігін, тұрақтылығын және оны қайта қалпына келтіруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылға Америка Құрама Штаттарының қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін жүк пен персоналдың әуе транзиті туралы келісімді қосымшасымен назарға ала отырып;

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі (бұдан әрі – АҚШ Үкіметі) қажетті дипломатиялық рұқсаты бар және АҚШ бақылайтын әуе кеңістігін кесіп өтетін немесе АҚШ-тың аумағына қонатын не одан ұшып шығатын қандай да бір шетелдік үкіметтердің әуе кемелеріне көрсетілетін аэронавигациялық қызмет үшін төлемақы алмайтынын мойындай отырып; және

Осы Келісімнің мақсатына мемлекеттік әуе кемелерінің ұшулады үшін бір Тараптың екінші Тараптан алатын Аэронавигациялық төлемақы туралы АҚШ Үкіметінің қазіргі көзқарастары мен ұстанымдарына, сондай-ақ Тараптар арасында Мемлекеттік әуе кемелерінен аэронавигациялық алымдар алуға қатысты тұтастай қамтитын келісім жасау мақсатында жүргізілетін қандай да бір болашақ талқылаулардың нәтижелеріне нұқсан келтіру кірмейтінін ұғына отырып;

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін онда пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1) "аэронавигациялық алымдар" – әуе қозғалысын, байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұйымдастыру, аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету, іздеу мен құтқару және/немесе аэронавигациялық ақпарат қызметтері/аэронавигациялық ақпаратты басқару үшін ұшудың барлық кезеңдерінде (жақындап қону, әуеайлақ ауданында және маршрутта) алынатын алымдар;

2) "аэронавигациялық ақпарат" – әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету, әуе қозғалысына қызмет көрсету және әуе қозғалысын басқару мақсаттары үшін деректерді жинау, талдау және өндеу нәтижесінде алынған ақпарат;

3) "дипломатиялық рұқсат" – Тараптардың бірінің сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын органының өз аумағының үстінен ұшып өтуді орындау үшін мұндай ұшып өтулерге оның аумағына қонудың кіру-кірмеуіне қарамастан, Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша берілген және екінші Тараптан дипломатиялық арналар бойынша алынған рұқсаты;

4) "мемлекеттік әуе кемесінің ұшы" – дипломатиялық рұқсатты бір Тарап сұрататын және екінші Тарап беретін әуе кемесінің ұшы (осы терминді анықтау кезінде Тараптардың ешқайсысы өз әуе кемелеріне, егер бұл кемелер мемлекеттік мақсаттар үшін қолданылмаса не кез келген коммерциялық қызметтерге қолданылса, екінші Тараптың дипломатиялық рұқсатын сұрамау туралы уағдаластық бар);

5) "транзит" – өз мемлекетінің аумағынан тысқары жерде басталатын және аяқталатын, Тараптардың бірінің әуе кеңістігі арқылы әуе кемелері жүзеге асыратын өту.

## **2-бап**

1. Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың ресми сұрау салуы бойынша өз мемлекеті аумағының үстінен ұшып өтуді орындауға, осындай рұқсат берілген сапарлар сол Тарап мемлекетінің аумағына қонуга байланысты болғанда дипломатиялық рұқсат беретін мемлекеттік әуе кемелерінің ұшуына қолданылады. Мұндай мемлекеттік әуе кемелерінің ұшуына аэронавигациялық алымдар алынбайды.

2. Бұл дипломатиялық рұқсаттарда осы Келісімді орындау мақсатында тікелей осы Келісімге сілтеме жасалады.

3. Осы Келісім транзиттік ұшып өтуге қолданылмайды, яғни ол басқа Тараптың мемлекеті аумағының үстінен қонуды жүзеге асырмай ұшып өтетін Тараптардың әуе кемелеріне қолданылмайды.

4. Осы Келісім ресми үкіметтік мақсаттар үшін пайдаланылмайтын не кез келген коммерциялық қызметте пайдаланылатын әуе кемелеріне қолданылмайды.

## **3-бап**

Осы Келісім 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне әсер етпейді.

## **4-бап**

Осы Келісімнің талаптарын орындау үшін Тараптардың уәкілетті органдары: қазақстандық Тараптан – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті;

америкалық Тараптан – Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың Елшілігі.

Тараптардың уәкілетті органдарының ресми атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етеді.

## **5-бап**

Тараптар осы Келісімге өзара жазбаша келісім бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

## **6-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

## **7-бап**

1. Осы Келісімнің белгілі бір қолданылу мерзімі жоқ және Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті өзінің

мемлекетішілік рәсімдерін орындауды аяқтағаны туралы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күні күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісім аталған хабарлама алынған күннен бастап он екі (12) ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

Осыны куэландыру үшін өзінің тиісті үкіметтері тиісінше уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында қазак, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Америка Құрама  
Штаттарының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК